«Титан Строй Холдинг» ЖШС-і

28.08.2025 жылғы шығыс 03/25

"Шемонаиха ауданының қаржы бөлімі
" мемлекеттік мекемесі бірінші
басышға

Шағым
(*конкурстық комиссияның заңсыз әрекетіне*)

Кәсіпкердің құқығы қалпына келтірілмесе, қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасына шағымданамыз.

22.08.2025 жылы №15270456 -ОК1 санды конкурсы жарияланған.Тапсырыс беруші "Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Первомайский кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі

Ұйымдастырушы Шемонаиха ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

Конкурстың № 14193413-ОК1 Конкурстың атауы «Металл құрылымдарды» дайындау бойынша жұмыстар.

Конкурс сомасы 32 142 857.15 тенгені құрайды.

27.08.2025 жылы 15270456-ОК1 санды қорытындылар хаттамасы шығып, жеңімпаз «Титан Строй Холдинг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, конкурстық комиссия тарапынан заңсыз конкурсқа жіберілмеді. Және де конкурсқа бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмеуіне байланысты конкурс өткізілмеді деп танылды.

«Титан Строй Холдинг» ЖШС-не қатысты қорытынды хаттамасында : «Мемлекеттік сатып алу қағидасының, 76. Егер конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда мұндай талапқа сәйкестік материалдық ресурстардың меншік немесе жалға алу

құқығын растайтын құжатпен жүзеге асырылады. Материалдық ресурстарды жалға алған жағдайда қосымша жалдау шартының электрондық көшірмесі ұсынылады. Бұл ретте, шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау мерзімінен кем емес. Әлеуеттік өнім берушіде материалдық ресурстар жоқ 78. Егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасы не еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі арқылы расталады. Әлеуеттік өнім берушіде еңбек ресурстары жоқ»- деген уәжбен конкурсқа жіберілмеген.

Сәйкесінше, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларды бекіту туралы 687 бұйрықтың 72-тармағында былай көрсетілген:

72. Егер Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес орындауға (көрсетуге) бірінші немесе екінші санаттағы тиісті рұқсаттың болуы талап етілетін жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер мемлекеттік сатып алу нысанасы болып табылған жағдайда, материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талабы ұсынылмайды.

Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және құрылыспен байланысты емес жұмыстарды (ағымдағы немесе орташа жөндеу, қалпына келтіру, қолданыстағы объектілерді қайта өңдеу, абаттандыру, дамыту) мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер Қазақстан Республикасының рұқсат беру және рұқсат беру туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) арқылы материалдық және еңбек ресурстарына иелігін **растайды.**

Ал «Конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасында, Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы туралы мәліметтер бөлімінде,

«Титан Строй Холдинг» ЖШС-і 19.09.2023 жылғы **№23020506 санды құрылыс монтаж жұмыстарына лицензия ұсынған.**

Аталған лицензияның ішінде металл конструкцияларды монтаждау (*Монтаж металлических конструкций*) бойынша рұқсаттың кіші түрі қарастырылған.

Қағиданың 11-қосымшасына сәйкес :

Егер жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы талап етілген жағдайда, жұмыс тәжірибесінің болуы бойынша біліктілік талабы қойылмайды»- деп нақты көзделген.

Екіншіден:

№15270456 -ОК1 санды конкурсы бойынша конкуср атауы дұрыс таңдалмаған, яғни Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды сатып алу емес , құрылыс монтаждау жұмыстарын сатып алу бойынша жариялануы тиіс болатын. Оған дәлел 22.01.2025 жылғы конкурстық құжаттардың ішіндегі Құрылыстың жиынтық сметалық есебі (сводный сметный расчет *строительства)* құжаты толықтай құрылыс деп көрсетілген.

Сонымен қатар «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы.

Заңына сәйкес Металл құрылымдарды» дайындау/ монтаждау Лицензияның және оны жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызмет түріне жатады. Сондықан лицензияның болуы талап етіледі. «Титан Строй Холдинг» ЖШС-і 19.09.2023 жылғы **№23020506 санды құрылыс монтаж жұмыстарына лицензия ұсынған.**

Аталған лицензияның ішінде металл конструкцияларды монтаждау (*Монтаж металлических конструкций*) бойынша рұқсаттың кіші түрі қарастырылған.

588. Әлеуетті өнім беруші Заңның 25-бабына сәйкес тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің

құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шағымдануға құқылы, аукцион.

592. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, Бірыңғай ұйымдастырушы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес шағым беру мерзімі өткен күннен кейін үш жұмыс күні ішінде шағымды қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Сізден сұраймын:

1. **№15270456 конкурсы бойынша «Титан Строй Холдинг» ЖШС-і конкурсқа рұқсат беру туралы жаңа шешім шығаруды**

Директор _____ **Киізбай А.**